

**НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТИ
УНИВЕРСИТЕТ НАРХОЗ
NARXOZ UNIVERSITY**

Нархоз университетінің 60 жылдығына арналған
**«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
13 ЖЕЛТОҚСАН**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ
НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ЖЕРТВ ПРЕСТУПЛЕНИЙ»**
приуроченная к 60-ти летию университета Нархоз
13 ДЕКАБРЯ

PROCEEDINGS OF
International Scientific and Practical Conference on
**«CURRENT PROBLEMS OF PROTECTING
THE RIGHTS OF JUVENILE VICTIMS OF CRIME»**
dedicated to the 60th anniversary of Narхоз University
DECEMBER 13th

**Алматы/Almaty
2023**

**НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ
УНИВЕРСИТЕТ НАРХОЗ
NARXOZ UNIVERSITY**

Нархоз университетінің 60 жылдығына арналған

**«КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияның

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
13 ЖЕЛТОҚСАН**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ
НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ЖЕРТВ ПРЕСТУПЛЕНИЙ»**
приуроченная к 60-ти летию университета Нархоз
13 ДЕКАБРЯ

**PROCEEDINGS OF
International Scientific and Practical Conference on**

**«CURRENT PROBLEMS OF PROTECTING
THE RIGHTS OF JUVENILE VICTIMS OF CRIME»**
dedicated to the 60th anniversary of Narxoz University
DECEMBER 13th

Алматы/Almaty
2023

ӘОЖ 343.2/7
КБЖ 67.408
К24

З.ғ.д., профессор Т.Е. Сарсенбаевтың жалпы редакциясымен
Под общей редакцией д.ю.н., профессора Т.Е. Сарсенбаевым
Under the general editorship of Doctor of Law, Professor T.E. Sarsenbayev

Редакциялық алқа:

Ш.Б. Маликова, А.Б. Омарова, К.Н. Айдарханова, Н.М. Әпсімет (жинақтың жауапты хатшысы).

Редакционная коллегия:

Маликова Ш.Б., Омарова А.Б., Айдарханова К.Н., Әпсімет Н.М. (ответственный секретарь сборника).

Editorial Board:

Sh. Malikova, A. Omarova, K. Aidarkhanova, N. Apsimet (executive secretary of the proceedings).

«Кәмелетке толмаған қылмыс құрбандарының құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның электронды материалдар жинағы (13 желтоқсан 2023 ж.) / Жауапты ред. Т.Е. Сарсенбаев. – Алматы, 2023. – 230 б.

«Актуальные проблемы защиты прав несовершеннолетних жертв преступлений»: электронный сборник материалов международной научно-практической конференции (13 декабря 2023 г.) / отв. ред. Сарсенбаев Т.Е. – Алматы, 2023. – 230 с.

«Current problems of protecting the rights of juvenile victims of crime»: electronic proceedings of international scientific and practical conference (December 13, 2023) / ed. by T. Sarsenbayev. – Almaty, 2023. – 230 p.

ISBN 978-601-222-153-4

Жинаққа Нархоз университетінің «Кәмелетке толмаған қылмыс құрбандарының құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енді.

Конференция материалдары жинағы 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ЖТН BR 27882414 «Зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульдік орталықтар желісін іс жүзінде енгізу» жобасы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде даайындалды.

В сборник вошли материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы защиты прав несовершеннолетних жертв преступлений», проведенной университетом Нархоз.

Сборник материалов конференции подготовлен в рамках программно-целевого финансирования по проекту ИРН BR 27882414 «Программа поддержки и реабилитации детей-жертв насилия: практическое внедрение сети ресурсных модульных центров» по научным и (или) научно-техническим программам на 2023-2025 годы.

The proceedings includes materials of the international scientific and practical conference «Current problems of protecting the rights of juvenile victims of crime», organized by Narхоз University.

The proceedings was prepared within the framework of grant funding under the IRN BR 27882414 project «Program for support and rehabilitation of child victims of violence: practical implementation of a network of resource modular centers» on scientific and (or) scientific and technical projects for 2023-2025.

ISBN 978-601-222-153-4



9|786012|221534

ӘОЖ 343.2/7
КБЖ 67.408

© Нархоз Университеті, 2023

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT

Atakhanova G.M., Sovetkhan SH.D. THEORETICAL VIEWS ON VIOLENCE.....	9
Адилгазы С., Қалбият Қ. КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАС АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ӘСЕРІ.....	14
Айдарбаев С.Ж., Удербаева Б.А. МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ ИСТОЧНИКИ ЗАЩИТЫ ПРАВ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ЖЕРТВ ПРЕСТУПЛЕНИЙ.....	19
Айдарханова К.Н. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ МОДУЛЬНЫХ ЦЕНТРОВ РЕАБИЛИТАЦИИ ДЕТЕЙ-ЖЕРТВ НАСИЛИЯ В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ ПРЕСТУПНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	23
Алаева Г.Т., Кабулова С.Ж. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗНАЧИМОСТИ И ОСОБЕННОСТИ НАЗНАЧЕНИЯ ГОМЕОСКОПИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ.....	28
Атаханова Г.М., Қарабаева Ж.А. СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ ІЛІМДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	32
Атаханова С.К., Әпсімет Н.М. ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН РЕСУРСТЫҚ МОДУЛЬДІ ОРТАЛЫҚТАРДА ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	37
Бакдаулетов М. АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	42
Баранов А.М., Коробкова Е.Е. ОБЩИЕ ПРАВИЛА ПРОИЗВОДСТВА СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ С УЧАСТИЕМ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.....	48
Бегалиев Е.Н., Турсунов А.Б. ТЕХНИКО-КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДЕТЕЙ ОТ БЫТОВОГО ИЛИ КРИМИНАЛЬНОГО ТРАВМАТИЗМА.....	51
Белозерова И.И., Селезнева Н.А. УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ СТАТУС НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО В РФ.....	55
Давлетова А.Қ. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫ ҰЛҒАЙТУ БОЙЫНША ЗАҢНАМАДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ.....	60

мүмкіндігін анықтайды. Мұндай әдістердің тиімділігінің жарқын мысалы-оның рентгендік әдістердің мүмкіндіктерін талдауы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Основы судебной экспертизы. Ч. 1. Общая теория./ Кол. авторов. - М., 1997. С. 18-33.

2 Аверьянова Т.В. Методы решения экспертных задач, классификация методов и методик // Основы судебной экспертизы. Ч. 1. Общая теория. - М., 1997. С. 243.

3 Российская Е.Р. Концептуальные основы теории неразрушающих методов исследования вещественных доказательств. Автореферат дисс. ... доктора юрид. наук. - М., 1993. С. 14.

4 Российская Е.Р. Рентгеноструктурный анализ в криминалистике и судебной экспертизе. - Киев, 1992.

Атаханова С.К.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті

Әпсімет Н.М.

заң ғылымдарының магистрі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті докторанты

ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН РЕСУРСТЫҚ МОДУЛЬДІ ОРТАЛЫҚТАРДА ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

мақала BR 27882414 «Зорлық- зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» БМҚ шеңберінде орындалған

Мақалада зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы бойынша ресурстық орталықтарды құрудың тәжірибелік және теориялық аспектілері қарастырылған. Оңалту бағдарламаларының жұмыс жасау әдісі мен оның тәжірибедегі тиімділігін айқындауға баса назар аударылған. Ресурстық орталықтар желісінің тәжірибелік маңызын негіздей отыра, авторлар мақалада зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасын енгізу кезеңдерін бөліп көрсеткен.

Түйін сөздер: зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау, ресурстық модульді орталықтар, оңалту бағдарламалары, психологиялық қолдау, құқықтық қолдау

В статье рассматриваются практические и теоретические аспекты создания ресурсных центров по программе поддержки и реабилитации детей, ставших жертвами насилия. Особое внимание уделено определению способа работы программ реабилитации и его эффективности в практике. Обосновывая практическую значимость сети ресурсных центров, авторы выделили в статье этапы внедрения программы поддержки и реабилитации детей, ставших жертвами насилия.

Ключевые слова: поддержка детей, ставших жертвами насилия, ресурсные модульные центры, программы реабилитации, психологическая поддержка, правовая поддержка.

The article discusses the practical and theoretical aspects of creating resource centers for a program of support and rehabilitation of children who have become victims of violence. Particular attention is paid to determining the way rehabilitation programs work and its effectiveness in practice. Justifying the practical significance of the network of resource centers, the authors highlighted in the article the stages of implementing a program for the support and rehabilitation of children who have become victims of violence.

Keywords: support for children who are victims of violence, modular resource centers, rehabilitation programs, psychological support, legal support.

Қазіргі қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде кешенді және тиімді реттеу тәсілін қажет етеді. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар физикалық және психологиялық зардап шегеді, бұл олардың денсаулығы мен әл-ауқатына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін. Осы мәселеге жауап ретінде соңғы кезде елімізде түрлі қолдау және оңалту бағдарламалары әзірленіп, енгізілуде, олардың бірі ресурстық модульдік орталықтар желісін құру болып табылады.

ҚР Баланың құқықтары туралы заңға сәйкес, өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру мен қабылдауы арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде әлеуметтік бейімделу процесінде ресурстық модульдық орталықтар қызметі маңызды болып табылады [1].

Ресурстық модульдік орталықтар - зорлық-зомбылыққа тап болған балаларға кешенді көмек көрсету мақсатында құрылған мамандандырылған мекемелер болып табылады. Бұл орталықтар медициналық көмек, психологиялық қолдау, заңгерлік көмек және білім беру бағдарламалары сияқты әртүрлі ресурстарды біріктіреді. Олардың модульдік құрылымдары әр баланың нақты қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Зорлық – зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасын енгізу кезеңдері келесілерді қамтиды:

Жағдайды талдау: бағдарламаны енгізудің алғашқы қадамы - бар жағдайды егжей-тегжейлі талдау. Мәселенің ауқымын анықтау, балалардың

негізгі қажеттіліктерін анықтау және әсер ету стратегиясын әзірлеу қажет.

Ресурстық модульдік орталықтарды құру: талдау негізінде Ресурстық модульдік орталықтарға стандарттар мен талаптар әзірленеді. Содан кейін оларды құру процесі басталады. Орталықтардың әлеуметтік мәртебесіне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан барлық балаларға қол жетімділігін қамтамасыз ету маңызды.

Мультидисциплинарлық тәсіл: орталықтардың жұмысы әртүрлі сала мамандарының – дәрігерлер, психологтар, заңгерлер, педагогтардың ынтымақтастығын қамтитын мультидисциплинарлық тәсілге негізделеді. Бұл тәсіл проблемаға кешенді әсер етуге мүмкіндік береді.

Персоналды оқыту: ресурстық модульдік орталықтарда жұмыс істейтін мамандар зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалармен жұмыс істеуге дайын болуы керек. Оқыту жалпы кәсіптік дағдыларды да, зардап шеккен балалармен жұмыс істеудің мамандандырылған әдістерін де қамтиды.

Қоғаммен ынтымақтастық: бағдарламаның сәттілігі қоғамның қатысуына байланысты. Қоғамдық пікірді қалыптастыруға және бағдарламаны қолдауға бағытталған ақпараттық науқандарды жүргізу қажет. Басқа әлеуметтік мекемелермен және ұйымдармен өзара әрекеттесу де маңызды.

Тиімділікті бағалау: Бағдарламаның тиімділігі бірқатар негізгі көрсеткіштер арқылы бағаланады: оңалтудан өткен балалардың қанағаттану деңгейі; балалардың психологиялық және физикалық жағдайының динамикасы; бағдарламадан өткеннен кейін қоғамға сәтті интеграциялану статистикасы.

Бағдарламаның артықшылықтары: Кешенді тәсіл зардап шеккен балалардың қажеттіліктерінің барлық аспектілерін ескеруді қамтамасыз етеді.

– модульдік бағдарламаны өзгертін жағдайлар мен қажеттіліктерге бейімдеуге мүмкіндік береді;

– қоғаммен өзара әрекеттесу зардап шеккен балалар үшін қолдау ортасын құруға ықпал етеді;

– тиімді көпсалалы тәсіл мәселеге құзыретті әсер етуді қамтамасыз етеді.

Күтілетін соңғы нәтижелер:

– ата-аналар, тәрбиешілер және балаларға билік ететін адамдар тарапынан балаларға қатысты физикалық зорлық-зомбылық деңгейін төмендету;

– балаларға қатысты зорлау және жыныстық сипаттағы жанасу үшін зорлық-зомбылық, соның ішінде жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу немесе тарту мақсатында әрекет ету мен жыныстық қатынастың таралуын азайту;

– балалар саудасын қоса алғанда балаларды қанау, порнография және жезөкшелік сипатындағы қылмысқа тартылуын азайту;

– алкогольді теріс пайдалану мен ішімдікті азайту;

– атыс қаруын пайдалану нәтижесінде өлім-жітімді және жаралылар санын азайту;

– балаларға бағытталған түрлі сипаттағы зорлық, күш көрсету, қорқытулардың алдын алу болып табылады.

«Бала құқықтары туралы Конвенцияға» сәйкес куәгерлер, құрбандар немесе құқық бұзушылар ретінде зорлық-зомбылыққа тап болған балалармен жұмыс істеудің негізгі басшылыққа алатын қағидалары бар, оған мыналар жатады [2]:

– балалар өздеріне деген құрметпен және жанашырлықпен қарауға құқылы;

– балалар кемсітушіліктен қорғауға құқылы;

– балалар ақпарат алуға құқылы;

– балалардың тыңдауға, өз пікірлері мен алаңдаушылықтарын білдіруге құқығы бар;

– балалар тиімді көмек алуға құқылы;

– балалардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығы бар;

– балалар сот процесі кезінде ауыр сынақтардан қорғалуға құқылы;

– балалардың қауіпсіздікке құқығы бар;

– балалар арнайы профилактикалық шараларға құқылы;

– балалар зиянды өтеуге құқылы.

Жоғарыда айтылған құқықтық қағидаларды негізге алып жұмыс істеу көптеген құқықбұзушылықтың алдын алары сөзсіз. Бұған қоса, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды қорғау, қолдау және олармен жұмыс істеу әрекеттері, жәбірленушілерді де, куәгерлерді де қоса алғанда, олардың қауіпсіздік, әл-ауқат сезімін арттырады, әлеуметтік және эмоционалды дамуды жақсартады.

Зорлық-зомбылық балалардың өмір сүруі мен денсаулығына ғана емес, сондай-ақ олардың эмоциялық әл-ауқаты мен болашақтағы дамуына да қатер төндіреді.

Балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық мына өңірде кеңінен таралған: Шығыс және Орталық Еуропа мен Орталық Азия елдерінде барлық балалардың жартысына жуығы тәрбиенің зорлық-зомбылық әдістерінің құрбаны болатынын статистикалық дереккөздерден байқаймыз. Соңғы үш жылда елімізде балаларға қатысты 2472 зорлық қылмыстары тіркелген [4]. Және де ішкі істер органдарында 12 мың бала тәрбиелеп отырған 9 мың отбасы есепте тұр. Мұның барлығы отбасындағы балалардың психикалық жағдайына өте үлкен салмақ түсірері анық. Осы орайда еліміздің жан-жақтағы аймақтарынан зорлық- зомбылық құрбандары болған балаларды қолдауға арналған ресурстық орталықтардың жұмыс жасауы – балаларды қайтадан бейімдеуге мүмкіндік беретіні анық.

«ҚР Неке және отбасылық кодексінде баланың ата-аналар мен басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы туралы айтылады, бұлда балалардың әр түрлі алыс- жақын адамдардан келетін зорлықтың алдын алуға немесе қолдауға қатысты ресурстық орталық қызметіне деген сұраныс туындатады [3].

Ресурстық модульдік орталықтар үшін қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы шеңберінде тиімділік пен қамқорлықты қамтамасыз етудің негізгі элементі болып табылады. Бұл стандарттар физикалық қауіпсіздіктен жеке деректерді қорғауға дейінгі көптеген аспектілерді қамтуы керек. Келесідей қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу кезінде ескеру қажет негізгі тармақтарға шолу жасайтын болсақ:

1) *Физикалық қауіпсіздік:*

– ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету: өрт немесе құрылымдық мәселелер сияқты төтенше жағдайлардың алдын алу үшін ғимаратты үнемі тексеріп отыру және күтіп ұстау;

– жабдықтың қауіпсіздігі: жарақат пен жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін орталықта қолданылатын жабдықты үнемі тексеріп, күтіп ұстау.

2) *Жеке қауіпсіздік:*

– сәйкестендіру және аутентификация: рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін қызметкерлер мен келушілерді сәйкестендіру және аутентификациялау шараларын енгізу;

– персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар: персоналды қауіпсіздік шараларын сақтау және ықтимал қауіптерге ден қою бойынша оқыту.

3) *Психологиялық және эмоционалды қауіпсіздік:*

– эмоционалды қолдау тренингі: қызметкерлерді зорлық-зомбылықтан аман қалған балаларға эмоционалды қолдау әдістеріне үйрету;

– ықтимал қақтығыстар кезіндегі процедуралар: жанжалды жағдайларды басқару және агрессивті емес әсер ету құралдарын қолдану процедураларын әзірлеу.

4) *Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау:*

– жеке деректерді қорғау: балалар мен олардың отбасыларының жеке деректерін қорғау үшін қатаң саясат пен процедураларды әзірлеу;

– қызметкерлерді Киберқауіпсіздік бойынша оқыту: қызметкерлерді деректердің бұзылуын және кибершабуылдардың алдын алу шараларына үйрету.

5) *Зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары:*

– зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қызметкерлерді оқыту: қызметкерлерге ықтимал зорлық-зомбылық жағдайларын тану және алдын алу бойынша оқыту бағдарламаларын әзірлеу;

– хабарлау механизмдері: орталық ішіндегі ықтимал зорлық-зомбылық жағдайлары туралы анонимді хабарлау механизмдерін құру.

б) *Эвакуациялық жоспарлар мен жаттығулар:*

– эвакуациялық жоспарларды әзірлеу: төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялаудың егжей-тегжейлі жоспарларын құру;

– тұрақты жаттығулар мен жаттығулар: эвакуация сценарийлері мен

төтенше жағдайлар бойынша қызметкерлер мен балаларға тұрақты жаттығулар өткізу.

7) *Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық:*

– ынтымақтастық хаттамалары: төтенше жағдайларға жедел ден қою үшін жергілікті құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық хаттамаларын әзірлеу.

8) *Бағалау және үнемі жетілдіру:*

– аудит және мониторинг жүйесі: тұрақты аудит және қауіпсіздік стандарттарының сақталуын бақылау жүйесін құру;

– тұрақты жетілдіру: қауіпсіздік жүйесін үнемі жақсарту үшін оқиғаларды талдау және түзетулер енгізу процедураларын әзірлеу.

Бұл тармақтар ресурстық модульдік орталықтарға қолданылатын нақты қауіпсіздік стандарттарын әзірлеудің бастапқы нүктесі бола алады.

Қорытынды. Ресурстық модульдік орталықтар желісін енгізу арқылы зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы балалар үшін қауіпсіз және қамқор орта құру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Мұндай бағдарламаларды дамыту және жетілдіру әр баланың қауіпсіз және бақытты балалық шаққа құқығы бар салауатты қоғамды қалыптастырудың негізгі элементіне айналады.

Балаларға қатысты зорлық зомбылықты жоюдың бұл стратегиялары денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, қаржы және сот төрелігі салаларын қамтиды. Әрбір стратегия табыстылық деңгейі жоғары елдердегі оның тиімділігі туралы сенімді немесе перспективалы нақты деректерге негізделіп жасалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

2 «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы;

3 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

4 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-detey-stali-jertvami-seksualnogo-nasiliya-kazahstane-499993/

Бакдаулетов Мад

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің магистранты

Aibek_izt@mail.ru

АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ